

Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді және акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 139 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 сәуірде № 10685 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасы Занының 13-бабының 4-3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 01.11.2021 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидалары;

2) Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидалары.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесіне ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

E. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б.Сұлтанов

2015 жылғы 10 наурыз

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлінің
2015 жылғы 26 ақпандығы
№ 139 бұйрығымен
бекітілген

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидалары

Ескеरту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрлінің 30.03.2022 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – заң) 13-бабының 4-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы бойынша есептерді әзірлеу және ұсыну тәртібін айқындайды (бұдан әрі – – Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есеп).

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) компания – акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар;

2) қызметтің түйінді көрсеткіші – даму жоспарының мақсатына қол жеткізу деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін сандық тұрғыдан өлшенетін көрсеткіш;

3) мемлекеттік мұлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) – Заңның 1-бабының 21) тармақшасына сәйкес мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеке сәйкес мемлекеттік мұлікті ұйымдастыру және есепке алу саласындағы бірыңғай техникалық саясатты іске асыру жөніндегі міндеттер, сондай-ақ мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің активтерін басқару және пайдалану жөніндегі функциялар жүктелген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айқындалған, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын занды тұлға;

4) электрондық есеп – Тізілімнің веб-порталында дайындалған және ұлттық куәландаурышы орталық берген компанияның электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылатын даму жоспарының орындалуы жөніндегі есеп.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті әзірлеу және ұсыну тәртібі

3. Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есеп мынадай тәртіппен:

- 1) бірінші рет - жылдар бойынша бөле отырып, үш жыл үшін;
- 2) екінші рет - жылдар бойынша бөле отырып, алты жыл үшін;

3) үшінші рет - соңғы төрт жыл бойынша бөле отырып және он жыл ішінде даму жоспарын іске асыру қорытындылары бойынша он жыл үшін әзірленеді және ұсынылады.

4. Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есеп мынадай :

1) Қызметтің стратегиялық бағыттарына, мақсаттарына, міндеттеріне және қызметтің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу бөлімінен тұрады. Осы бөлім осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес кестені ұсына отырып, қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері бойынша қызметтің жоспарланған және нақты қол жеткізілген түйінді көрсеткіштері туралы, оларға қол жеткізбеу себептері туралы ақпаратты қамтиды;

2) еркін нысанда жасалатын және мынадай мәліметтерді:

қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері бойынша қызметтің жоспарланған түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу дәрежесі туралы ақпаратты (нақты нәтижелердің жоспарланған нәтижелерден ауытқулары болған кезде түпкілікті нәтижелерге әсер еткен себептер мен факторларды ашу қажет), даму жоспарын іске асыруға факторлардың әсерін бағалауды, сондай-ақ даму жоспарын іске асырудың саланың, өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін бағалауды;

даму жоспарын іске асыру процесінде туындаған проблемаларды, қызметтің мақсаттары мен түйінді көрсеткіштеріне олардың әсерін, сондай-ақ даму жоспарын уақтылы іске асыруды қамтамасыз ету бойынша қабылданған шарапарды;

қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары мен міндеттері бөлінісінде есепті кезеңдегі даму жоспарын іске асыру қорытындылары туралы тұжырымдарды;

даму жоспарын одан әрі іске асыру, оны түзету, даму жоспарын іске асыру процесінің тиімділігін арттыру, даму жоспарын іске асыру бойынша анықталған проблемаларды шешу жөніндегі ұсыныстарды қамтитын талдамалық жазба бөлімінен тұрады.

5. Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті әзірлеу және бекіту жылдық аудитtelген қаржылық есептілік бекітілгеннен кейін мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) жылдық аудитtelген қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде атқарушы орган Бірыңғай оператор әзірлеген Тізілімнің веб-порталында Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын әзірлеуді жүзеге асырады және оны компанияның директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.

Компанияның директорлар кеңесі он бес жұмыс күні ішінде Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын қарайды және оны бекіту туралы не пысықтау үшін атқарушы органға қайтару туралы шешім қабылдайды.

Ескертулер болса, атқарушы орган Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын компанияның директорлар кеңесі айқындаған, бірақ ескертулерді алған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде пысықтайтын және оны компанияның директорлар кеңесінің қарауына қайта ұсынады;

2) Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасы компанияның директорлар кеңесінің отырысында бекітіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Атқарушы орган даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекіту мәселесі бойынша компанияның директорлар кеңесі отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде электрондық есепке компанияның директорлар кеңесі оны бекіту туралы шешімінің сканерленген көшірмесін қоса бере отырып, Мемлекеттік мұлік тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) енгізу үшін бірыңғай операторға электрондық есепті жібереді, сондай-ақ осы есепті даму жоспарының іске асырылуына мониторинг жүргізу үшін тиісті саланың үәкілетті органына қағаз түрінде жібереді.

7. Бірыңғай оператор электрондық есепті Тізілімге енгізуі ол келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде компанияның электрондық мекенжайына электрондық есепті Тізілімге енгізу туралы хабарлама жібере отырып жүзеге асырады.

Бірыңғай оператордың электрондық есепке ескертулері болған кезде компания ескертулерді жояды және ескертулерді алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде компанияның директорлар кеңесінің қарауына қайта шығармай, оны бірыңғай операторға қайта енгізеді.

8. Есепті кезеңнен кейінгі төртінші айдың отызыншы күніне дейін бекітілген жылдық аудителген қаржылық есептілік болмаған жағдайда атқарушы орган Бірыңғай оператор әзірлеген Тізілімнің веб-порталында Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын (жедел деректер бойынша) әзірлеуді жүзеге асырады және электрондық есепті (жедел деректер бойынша) Бірыңғай операторға есепті кезеңнен кейінгі алтыншы айдың бірінші күнінен кешіктірмей Тізілімге енгізу үшін жібереді.

Электрондық есеп (жедел деректер бойынша) осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес Тізілімге енгізу үшін ұсынылады.

Ескеरту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары -
Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен
кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

Акционері мемлекет болып
табылатын ұлттық басқарушы
холдингтердің, ұлттық
холдингтердің, ұлттық
компаниялардың даму
жоспарларының орындалуы
жөніндегі есептерді әзірлеу
және ұсыну қағидаларына
қосымша

Қызметтің стратегиялық бағыттарына, мақсаттарына, міндеттеріне және қызметтің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу

2 ҚСБ	н мақсат ы	1 міндет н тапсыр ма	КТК 1					
			КТКп					

Ескертпе

* қызметтің негізгі көрсеткіші компанияның мақсаттары мен міндеттеріне байланыстырылады

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 26 ақпанды
№ 139 бұйрығымен
бекітілген

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.03.2022 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс – шаралар жоспарларының орындалуы бойынша есептерді әзірлеу және ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабының 4-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну тәртібін айқындауды (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспарын орындау бойынша есеп).

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) компания – акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар;

2) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – Бірыңғай оператор) – Заңының 1-бабының 21) тармақшасына сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес мемлекеттік мүлікті ұйымдастыру және есепке алу саласындағы бірыңғай техникалық саясатты іске асыру жөніндегі міндеттер, сондай-ақ мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық

бөлімшелерінің активтерін басқару және пайдалану жөніндегі функциялар жүктелген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айқындалған, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлға;

3) электрондық есеп – Тізілімнің веб-порталында дайындалған және ұлттық куәландыруши орталық берген компанияның электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылатын іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есеп.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 22 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тaraу. Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті әзірлеу және ұсыну тәртібі

3. Іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі есеп әрбір жылдың қорытындылары бойынша әзірленеді және ұсынылады.

4. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамын (бұдан әрі – Қор) қоспағанда, іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын әзірлеу – Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингердің, ұлттық холдингердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларының орындалуы жөніндегі есеп бөлімдерінің құрылымына, сондай-ақ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингердің, ұлттық холдингердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларының орындалуы жөніндегі есеп көрсеткіштерінің нысандары мен тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Акциялары (қатысу үлестері) компанияға шешімдерді айқындау құқығын беретін заңды тұлғаларға қатысты іс-шаралар жоспарларының орындалуы жөніндегі есептің нысандары мен көрсеткіштер тізбесі тек ақпараттық сипатта болады және компанияның директорлар кеңесінің бекіту нысанасы болып табылмайды.

Іс-шаралар жоспарының есебіне түсіндірме жазба іс-шаралар жоспары есебінің әрбір бөлімі бойынша түсіндірулерді қамтиды және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Қордың іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі есептің жобасын әзірлеу Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін Қордың іс-шаралар жоспарын әзірлеу, бекіту, іске асырылуын мониторингтеу, бағалау, орындау жөніндегі есептерді ұсыну қағидалары шенберінде жүзеге асырылады.

5. Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті әзірлеу және бекіту жылдық аудиттелген қаржылық есептілік бекітілгеннен кейін мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) жылдық аудиттелген қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде атқарушы орган Бірыңғай оператор әзірлеген Тізілімнің веб- порталында

Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын әзірлеуді жүзеге асырады және оны компанияның директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.

Компанияның директорлар кеңесі он бес жұмыс күні ішінде Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын қарайды және бекіту туралы не пысықтау үшін атқарушы органға қайтару туралы шешім қабылдайды.

Ескертулер болса, атқарушы орган Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын компанияның директорлар кеңесі айқындаған, бірақ ескертулерді алған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде пысықтайды және оны компанияның директорлар кеңесінің қарауына қайта ұсынады;

2) Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасы компанияның директорлар кеңесінің отырысында бекітіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Атқарушы орган іс – шаралар жоспарын орындау жөніндегі есепті бекіту мәселесі бойынша Компанияның Директорлар кеңесі отырысының хаттамасынан үзінді-көшірме алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде электрондық есепті мемлекеттік мүлік тізіліміне (бұдан әрі-тізілім) енгізу үшін, электрондық есепке Компанияның Директорлар кеңесі оны бекіту туралы шешімінің сканерленген көшірмесін қоса берे отырып, бірыңғай операторға жібереді, сондай-ақ осы есепті іс-шаралар жоспарын іске асыру мониторингін жүргізу үшін тиісті саланың уәкілетті органына қағаз түрінде жібереді.

7. Бірыңғай оператор электрондық есепті Тізілімге енгізуді ол келіп түсken күннен бастап бес жұмыс күні ішінде компанияның электрондық мекенжайына электрондық есепті Тізілімге енгізу туралы хабарлама жібере отырып жүзеге асырады.

Бірыңғай оператордың электрондық есепке ескертулері болған кезде компания ескертулерді жояды және ескертулерді алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Компанияның Директорлар кеңесінің қарауына қайта шығармай, оны бірыңғай операторға қайта енгізеді.

8. Есепті кезеңнен кейінгі үшінші айдың отызыншы күніне дейін бекітілген жылдық аудитtelген қаржылық есептілік болмаған жағдайда атқарушы орган Бірыңғай оператор әзірлеген Тізілімнің веб-порталында Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын (жедел деректер бойынша) әзірлеуді жүзеге асырады және электрондық есепті (жедел деректер бойынша) Бірыңғай операторға есепті кезеңнен кейінгі бесінші айдың бірінші күнінен кешіктірмей Тізілімге енгізу үшін жібереді.

Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті (жедел деректер бойынша) әзірлеу және бекіту мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті әзірлеуге жауапты компанияның құрылымдық бөлімшесі есепті кезеңнен кейінгі төртінші айдың оныншы

күнінен кешіктірмей Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын (жедел деректер бойынша) әзірлеуді жүзеге асырады және оны компанияның атқарушы органының қарауына енгізеді.

Компанияның атқарушы органы күнтізбелік жеті күн ішінде Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын (жедел деректер бойынша) қарайды және бекіту туралы не оны пысықтау үшін қайтару туралы шешім қабылдайды

Ескертулер болса, компанияның жауапты құрылымдық бөлімшесі Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын (жедел деректер бойынша) компанияның атқарушы органы айқындаған, бірақ ескертулерді алған кезден бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде пысықтайтын және оны компанияның атқарушы органының қарауына қайта ұсынады;

2) Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есептің жобасын (жедел деректер бойынша) компанияның атқарушы органы бекітеді.

Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті (жедел деректер бойынша) бекіту қорытындылары бойынша үш жұмыс күні ішінде электрондық есепке компанияның атқарушы органының оны бекіту туралы шешімінің сканерленген көшірмесін тіркей отырып, Тізілімге енгізу үшін Бірыңғай операторға электрондық есеп жіберіледі.

Ескерту. 8-тармақ жана редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 02.05.2024 № 22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Атқарушы орган Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 64-бабына сәйкес іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі есепте және іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі есепте (жедел деректер бойынша) ұсынылған жедел деректердің уақтылығы мен анықтығы үшін тәртіптік жауаптылықта болады.

Акционері мемлекет болып
табылатын ұлттық басқарушы
холдингтердің, ұлттық
холдингтердің, ұлттық
компаниялардың іс-шаралар
жоспарларының орындалуы
жөніндегі есептерді әзірлеу
және ұсыну қагидаларына
1-қосымша

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларының орындалуы жөніндегі есеп бөлімдерінің құрылымы

№ р/с	Бөлімнің атауы
	Ұлттық басқарушы холдинг (ұлттық холдинг, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұлттық

1.	компания) (бұдан әрі – Компания) туралы жалпы мәліметтер:
1.1.	компанияны құру туралы ақпарат _____ жағдай бойынша оның тобына кіретін, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын барлық ұйымдарды көрсете отырып, компания тобының корпоративтік құрылымы.
1.2.	
1.3.	Компанияның ұйымдық құрылымы (қызметкерлер санын көрсете отырып), схемасы және сипаттамасы
2.	Есепті кезеңде Компанияның және акциялары (қатысу үлестері) компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін осы заңды тұлғалардың мақсаттары мен міндеттері, оның ішінде қызметі тиімділігінің түйінді көрсеткіштері:
3.	Компанияның даму жоспарында көрсетілген қызметтің стратегиялық бағыттарын ескере отырып, есепті кезеңдегі Іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде:
3.1.	қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу
3.2.	активтерді қайта құрылымдау және олардың негіздемесі
4	Есепті кезеңдегі бюджеттеп қатынастар:
4.1.	Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен түсетін түсімдер
4.2.	Компанияның Іс-шаралар жоспары көрсеткіштерінің тізбесінде көрсетілген Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу (жанама салықтарды қоспағанда)
4.3.	акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендер төлеу
5.	Компанияның және акциялары (қатысу үлестері) Компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін осы заңды тұлғалардың күрделі салымдары мен инвестицияларының жалпы көлемі мынадай түрлер бойынша бөліне отырып: күрделі салымдар, оның ішінде инвестициялық жобалар (жана жобаларға күрделі салымдар, колданыстағы жобаларға күрделі салымдар); объектілерді салу және жаңғыру; негізгі құралдарды сатып алу; материалдық емес активтерді сатып алу және өзге де салымдар; инвестициялар, оның ішінде акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) сатып алу; жарғылық капиталға салымдар және өзге де инвестициялар:

6.	Компанияның және акциялары (қатысу үлестері) Компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін осы заңды тұлғалардың қаржылық тұрақтылығы:
6.1.	ішкі және сыртқы қарыз алу бөлінісіндегі қарыз алу құрылымы және өтеу кестесі (оның ішінде еншілес ұйымдар)
6.2.	компанияның және акциялары (қатысу үлестері) компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін заңды тұлғалардың қаржылық орнықтылығының негізгі көрсеткіштері, оның ішінде борыш деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерді міндетті түрде көрсете отырып (борыш коэффициенті/EBITDA (earnings before interest, taxes, depreciation and amortization): экономиканың нақты секторындағы компаниялар үшін, қаржылық левередж коэффициенті, пайыздарды өтеу коэффициенті, ағымдағы өтімділік коэффициенті)
6.3.	компанияның және оның еншілес ұйымдарының есепті кезеңдегі борыштық жүктемесі
7.	Қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері, өсу немесе төмендеу себептерін негіздей отырып, талдау:
7.1	уақытша бос ақша қаражатын басқару, оларды есепті кезеңде орналастыру саясаты
7.2.	дивидендтік саясат және олардың негізdemесі
7.3.	есепті кезеңде акцияларының бақылау пакеті (қатысу үлестері) компанияға тиесілі ұйымдарды (қызметкерлердің жоспарланған орташа жылдық саны, орташа айлық жалакы, еңбекақы төлеу қоры, кадрлардың тұрақтамау деңгейі) ескере отырып, компанияның шоғырландырылған кадр саясаты
7.4.	акцияларының (қатысу үлестерінің) бақылау пакеті Компанияға тиесілі Компанияның және/немесе ұйымдардың кадр саясаты (қызметкерлердің жоспарланған орташа жылдық саны, орташа айлық жалакы, еңбекақы төлеу қоры, кадрлардың тұрақтамау деңгейі)
7.5.	еншілес ұйымдарды ескере отырып, есепті кезеңдегі шоғырландырылған әкімшілік шығыстар, өсу немесе төмендеу негізdemесі бар болжам
7.6.	өсу немесе төмендеу негізdemесімен есепті кезеңдегі әкімшілік шығыстар
7.7.	есепті кезеңде тұргын емес үй-жайларды жалдау бойынша шығыстар
7.8.	Компанияның және акциялары (қатысу үлестері) компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын

	шешімдерді тікелей айқындау құқығын беретін осы заңды тұлғалардың негізгі шоғырландырылған көрсеткіштері
7.9.	Компанияның және акциялары (қатысу үлестері) компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді тікелей айқындау құқығын беретін осы заңды тұлғалардың негізгі шоғырландырылмаған көрсеткіштері
8.	Компанияда және акциялары (қатысу үлестері) компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін осы заңды тұлғаларда корпоративтік басқару стандарттарын дамытуға және енгізуге бағытталған іс-шаралар бойынша ақпарат

Ескертпе: есепті кезең ішінде Компания қызметінің қорытындыларын ашу үшін осындай толықтыру орынды болған кезде, Есеп басқа тармақтармен, тармақшалармен және қосымшалармен толықтырылуы мүмкін.

Есеп тармақтармен, тармақшалармен және қосымшалармен толықтырылған жағдайда әрбір қосымша ұсынылатын тармақтың, тармақшаның және қосымшаның тиісті атаулары болады.

Акционері мемлекет болып
табылатын ұлттық басқарушы
холдингтердің, ұлттық
холдингтердің, ұлттық
компаниялардың іс-шаралар
жоспарларының орындалуы
жөніндегі есептерді әзірлеу
және ұсыну қагидаларына
2-қосымша

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың іс-шаралар жоспарларының орындалуы жөніндегі есеп көрсеткіштерінің нысандары мен тізбесі

1. Ұлттық басқарушы холдинг (ұлттық холдинг, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұлттық компания) (бұдан әрі – Компания) туралы жалпы мәліметтер:

1.1. Компанияны құру туралы ақпарат:

форма 1

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Ақпарат
1	Компанияның толық атауы	
2	Толық заңды мекенжайы	
3	Байланыс телефондары	

4	Электрондық мекенжай (e-mail), сайт	
5	Бизнес-сәйкестеңдіру нөмірі (БСН)	
6	ID-код (әмбебап сәйкестендіру коды)	
7	Әділет органдарында мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні мен нөмірі	
8	Басқару органының (мемлекеттік органның) атауы	
9	Құрудың қысқаша тарихы :	
9.1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің құры (қайта ұйымдастыру) туралы қауалысының күні мен нөмірі	
9.2	Құру мақсаттары	
9.3	Құрылтай құжаттарына сәйкес қызмет түрлері	
10	Ұйымды табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу туралы шешім қабылданған кезде табиғи монополия саласы табиғи монополия субъектісі болып табылды ма	

	<p>Табиғат пайдалануши болып табыла ма: арнайы табиғат пайдалану құқығын кім және қашан берді, табиғат пайдалану сипаттамасын ашу (тұрақты немесе уақытша, иеліктен шығарылатын немесе иеліктен шығарылмайтын , өтеулі негізде немесе өтеусіз сатып алынған, бастапқы немесе қайталама)</p>	
11		
12	<p>Жер қойнауын пайдалануши болып табыла ма: жер койнауын пайдалану құқығын кім және қашан берді, жер койнауын пайдалану жөніндегі операцияларды ашу</p>	
13	<p>Жарғылық капитал:</p>	
13.1	<p>Құрылтай құжаттарына сәйкес жарғылық капиталдың мөлшері, мың тенге</p>	
	<p>Жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешімді қашан және кім қабылдады (</p> <p>Қазақстан Республикасы</p>	

13.2	Үкіметінің қаулысы, Мемлекеттік басқару органының бұйрығы, акционерлердің (катаисушиларды н) жалпы жиналышының шешімі)			
14	Акциялардың саны, барлығы, оның ішінде:	жарияланған	орналастырылған	сатып алынған
14.1	Жай акциялары			
14.2	Артықшылықты акциялар			
15	Бір акцияның номиналды құны, тенге			
16	Тіркеуші туралы мәліметтер			
17	Республикалық меншіктегі акциялар, барлығы, оның ішінде:	саны	%	
17.1	Жай акциялары			
17.2	Артықшылықты акциялар			

1.2. _____ жағдай бойынша оның тобына кіретін, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын барлық ұйымдарды көрсете отырып, компания тобының корпоративтік құрылымы.

2-нысан

Компания			Бірінші деңгейдегі ұйымдар			Екінші деңгейдегі ұйымдар					
ұйымдық-құқықтық нысаны (ҰҚН)	БСН	атауы	акция ларды н (катаис у үлесте рінің) %-ы	ОПФ	БСН	атауы	акция ларды н (катаис у үлесте рінің) %-ы	ОПФ	БСН	атауы	акция ларды н (катаис у үлесте рінің) %-ы
п деңгейдегі ұйымдар											
ОПФ	БСН	атауы	акциялардың (катаису үлестерінің) %-ы								

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің саны туралы жиынтық ақпарат

ОПФ	Бірінші деңгейдегі үйымдар	Екінші деңгейдегі үйымдар	Үшінші деңгейдегі үйымдар	п деңгейдегі үйымдар	Жиыны
Акционерлік қоғамдар					
Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер					
Басқа ОПФ					
Жиыны					

1.3. Компанияның үйымдық құрылымы (қызметкерлер санын көрсете отырып), схемасы және сипаттамасы.

2. Есепті кезеңде Компанияның және акциялары (қатысу үлестері) компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін осы заңды тұлғалардың мақсаттары мен міндеттері, оның ішінде қызметі тиімділігінің түйінді көрсеткіштері:

3-нысан

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бірінші деңгейдегі құжаты

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің екінші деңгейдегі құжаты

Ко
мпа
ния
ның
Да
Ко
мпа
ния
ның
дам
у
жос
пар
ын
ың
мақ
сат
тар
ы

му
жос
пар
ын
ың
түй
інді
көр
сет
бір
кіш
тері
мін
дет
тері
сан
дық
нем
есе
сап
алы
к)

Ко
мпа
ния
ның
дам
у
жос
пар
ын
ың
түй
інді
көр
сет
бір
кіш
тері
мін
дет
тері
сан
дық
нем
есе
сап
алы
к)

Есе
пте
у
эдіс
тем
есі

Кұ
жат
тың
ата
уы
басымд
ық
міндет

бастама
/
нысанал
ы
и
н
индикат
ор

Кұжатт
ы н
атауы

Максаты

Міндет
индикат
ор

А Б В Г Д Е Ж З И К Л М Н О

1-багыт

1 -
1 - TK
mін -
1 - дет n -
мақ -
сат n 1 -
тап TK
сыр n -
ма TK

1 -
1 - TK
mін -
n дет n -
мақ -
сат n 1 -
ы тап TK
сыр n -
ма TK

н багыты

1 -
1 - TK
mін -
1 дет n -
мақ -
сат n 1 -
тап TK
сыр n -
ма TK

1 -
1 - TK
mін -
n дет n -
мақ -
сат n 1 -
ы тап TK
сыр n -
ма TK

кестенің жалғасы

Негізгі көрсеткіштердің мәні*

20 __ жыл

жоспары	түзету 1	түзету n	факт	% орындалу
1	2	3	4	5

1-багыт

н багыты

Ескертпе:

* Іс-шаралар жоспарының түйінді көрсеткіштерінің мәні Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық, экономикалық және өндірістік көрсеткіштерін өзара байланыстыруды қамтамасыз ету және салыстыру арқылы айқындалады.

** жоспарды орындау бойынша есепте нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізбей себептері көрсетіледі.

3. Компанияның даму жоспарында көрсетілген қызметтің стратегиялық бағыттарын ескере отырып, есепті кезеңдегі іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде:

3.1. қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу:

4-нысан

№ р/с	Қызметтің негізгі көрсеткіштерінің атауы	Іс-шараның / көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	20 _ _ жыл				
				жоспары	1-түзету	п түзету	факт	% орындалу
A	B	V	Г	1	2	3	4	5

3.2. активтерді қайта құрылымдау* және олардың негіздемесі:

5-нысан

№ р/с	Есепті кезеңдегі басындағы компания тобының құрылымы (топқа кіретін барлық үйимдарды көрсете отырып)	Активтің түрі (бейінді 20 _ _ жыл, бейінді емес, өзгелері)	Есепті кезеңде активті қайта құрылымдау (бөлү, бөліп шығару, косу, тарату, сату (иеліктен шығару) жаңаларын құру, акцияларды (қатысу үлестерін) сатып алу)	Есепті кезеңдегі активтердің қайта құрылымдау (бөлү, бөліп шығару, косу, тарату, сату (иеліктен шығару) жаңаларын құру, акцияларды (қатысу үлестерін) сатып алу)				
				жоспары	1-түзету	түзету п	факт	% орындалу
A	B	V	1	2	3	4	5	
1.								
n.								

Ескертпе:

* активтер – бұл Компания тобына кіретін занды тұлғалар.

4. Есепті кезеңдегі бюджетпен қатынастар:

4.1. Қазақстан Республикасының бюджет заннамасына сәйкес республикалық бюджеттен түсетін түсімдер:

6-нысан

МЫҢ ТЕҢГЕ

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бірінші деңгейдегі құжаты	Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің екінші деңгейдегі құжаты	Компанияның немесе	Бюджеттік бағда	Бюджеттік бағда

№ р/с	Күжаттың атавы	басы мдық	мінде т	баста ма / нысан алы индикатор	Күжаттың атавы	Мақсаты	Мінде т	Нысаналы индикатор	Нәтижелер көрсекіші * ткіші	оның еншілде с үйымының атавы	Функционалдық топ	рлама ның әкімшісі	рлама ның атавы	Нысаналы мақсаты
A	B	V	G	D	E	J	Z	I	K	L	M	H	O	P
1.														
n.														
										Жиынды:				

кестенің жалғасы

20 __ жыл					Ескертпе
жоспары	1-түзету	п түзету	факт	% орындалу	
1	2	3	4	5	6

Ескертпе:

* жоспарды орындау бойынша есепте нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері көрсетіледі.

4.2. Компанияның Іс-шаралар жоспары көрсеткіштерінің тізбесінде көрсетілген Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу* (жанама салықтарды қоспағанда) :

7-нысан

мың теңге

№ р/с	Көрсеткіштер дің атавы	20 __ год				
		жоспары	1-түзету	п түзету	факт	% орындалу
A	B	1	2	3	4	5
	Салықтар мен төлемдерді төлеу, оның ішінде:					
1	Корпоративтік табыс салығы					
2	Жеке табыс салығы					
3	Экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығы					
4	Ж е р қойнауын пайдаланушы лардың					

	арнайы төлемдері мен салықтары					
5	Әлеуметтік салық					
6	Көлік күралдарына салынатын салық					
7	Жер салығы					
8	Мұлік салығы					
9	Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем					
10	Же р учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем					
11	Басқа да салықтар мен төлемдер					
11.1						
11.n						

Ескертпе:

* нысан шоғырландырылған деректер бойынша толтырылады

4.3. акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеу:

8-нысан

№ p/c	Көрсеткішт ердің атауы	Өлшем бірлігі	20 __ жыл				
			жоспары	1-түзету	n түзету	факт	% орындалу
A	B	V	1	2	3	4	5
1	Таза кіріс (шығын минус белгісімен көрсетіледі), барлығы	мың теңге					
2	Таза табысты бөлу, оның ішінде:						
2.1	акцияға дивидендте р:						
2.1.1	қарапайым	теңге					
2.1.2	артықшылықты	теңге					

2.2	дивидендр:	мың теңге						
2.2.1	мемлекет меншігіндеғі акциялар пакетіне	мың теңге						
2.2.2		т а з а кірістен %						
2.3	инвестициял ық жобалар	мың теңге						
2.3.1		мың теңге						
2.3.n		мың теңге						
2.4	инновациял ық жобалар	мың теңге						
2.4.1		мың теңге						
2.4.n		мың теңге						
2.5	өткен жылдардың залалдарының жабу	мың теңге						

5. Компанияның және акциялары (қатысу үлестері) компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін осы заңды тұлғалардың күрделі салымдары мен инвестицияларының жалпы көлемі мынадай түрлер бойынша бөліне отырып:

